

Миграция (көші-қон) мәселелеріне өмірлік тәжірибе тұрғысынан көзқарас

- Санкт-Петербургте өткен миграция және қаржы аударымдарына арналған конференция Еуропа мен Орталық Азиядағы көшіп-қонуға байланысты мәселелерге және оларды шешудің қажеттігіне айрықша көңіл бөлді.
- Миграция және қаржы аударымдары мәселелерімен айналысатын практиктер жүйесінің (МИРПАЛ) мақсаты - елдерге күрделі стратегиялық, бағдарламалық және институционалдық мәселелерді шешуге көмектесу.

05/08/2013 – «Көшіп-қону – адамдар тағдыры» деген атау жақында өткен Миграция және қаржы аударымдары мәселелерімен айналысатын практиктер жүйесінің жыл сайынғы конференциясының ұраны болуына әбден тұрарлық.

Конференция Санкт-Петербургте (Ресей Федерациясында) және Дүниежүзілік банктің Еуропа және Орталық Азиядағы (ЕОА) миграция мәселелеріне арналған аймақтық бағдарламасының аясында өткізілді. ТМД құрамындағы тоғыз мемлекеттің – Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікістан, Өзбекістан және Украинаның – беделді және білікті мамандары өздерінің білімдері, тәжірибелері және пікірлерімен бөлісті. Талқылауға ұсынылған миграция мәселесі бұл елдер үшін өте маңызды және кідіріссіз шешімдерді талап ететін мәселе болып табылады.

МИРПАЛ – ЕОА елдерінің тәжірибешіл және лауазымды тұлғаларын біріктіретін, миграция және ақша аударымдары туралы мәселелермен шұғылданатын ұйым. Бұл жүйе ресми түрде 2010 жылдың мамыр айында Мәскеуде өткен конференцияда құрылған. Бұл жүйені құрудың негізі конференцияның дәл алдында өткізілген оқыту-үйрету шараларын ұйымдастыру кезінде қаланған.

Соңғы біраз жылдардың ішінде көшіп-қонушы жұмысшылардың тарапынан аударылған қаражат ағынының өсуіне аймақтағы көптеген елдер куә болды. Осы елдердің көбісінде экономикалық өсу, сонымен қатар кедейшілікпен күресудегі жетістіктер миграция және аударымдар бағытына да байланысты болды. Дүниежүзілік банк аймақтағы барлық елдерге миграция және қаржы аударымдары жайлы көкейтесті мәселелерін шешуге несиелік бастамалар және миграция саясатын дамыту арқылы көмектесуді ұйғарды.

Осы жылғы пікірталас негізінен мигранттарды (көшіп-қонушыларды) экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан біріктіруге арналды.

Осы конференцияда Санкт Петербургтегі Еуропалық университеттің ерекше үлесінің арқасында еңбек миграциясы мәселелері алғашқы рет экономистер мен антропологтар арасында бірігіп талқыланды. Негізгі мақсаты еңбек мигранттарының Ресейдегі бірлесуге (интеграцияға) деген уәждемесінің толық сипатын көру еді. Бір жағынан мигранттар табыс деңгейі тұрғысынан өзінің дәулеттілігін арттырғысы келеді, ал екінші жағынан

қабылдаушы жақ олардың өмірлік тәжірибесіне, ал көбінесе олардың әлеуметтік деңгейіне әсер етеді.

«Миграция - ол тек жұмыс мәселесі ғана емес. Жұмыс күні аяқталғанда мигранттардың жеке өмірі бар – қаланың назар аударарлық орындарына барады, адамдармен танысады, ғаламтор арқылы араласады», - дейді Санкт Петербургтағы тәуелсіз әлеуметтік зерттеулер орталығының маманы Ольга Бредникова. Басқаша айтқанда иммигранттардың мінез-құлық үлгілері тек қана экономикалық себептермен шектелмейді.

Қабылдап алушы елдерде мигранттардың әлеуметтік деңгейі күрт өзгеруі мүмкін, алайда мұндай жағдайларды еңсерудің тәсілдері бар.

Мысалыға, жаңа елде кәсіби дәрігер мұқтаждықтардың салдарынан мамандық пен біліктілікті тілемейтін еңбекпен шұғылдануға мәжбүр болады. Солай болса да, ол өзінің кәсіби қызметін мигранттар қауымына бейресми дәрігерлік кеңес беру арқылы жалғастыра алады.

Жұмыскер мигранттардың экономикалық тұрғыдан бірігуіне олардың жұмысқа орналастырылуының өмірлік маңызы бар. Осының салдарынан лауазымды органдардың алдына қойылатын басымды мақсаттардың бірі дұрыс ұйымдастырылған орналастыру болып табылады.

«Ұйымдастырылған орналастыру жіберуші және қабылдаушы елдердің бірігіп күш салуын талап етеді» дейді Санкт-Петербургтегі федерациялық миграция қызметінің басқарма бастығы Елена Дунаева. «Аттанар алдындағы дайындықтың бағдарламалары жіберуші елдің басқаруында болуы тиіс. Ал қабылдаушы ел көші-қон мекемелерінің шақыру қағаздарымен айқындалатын нақты жұмыс туралы ұсыныстар арқылы олардың жұмысқа орналасуын қамтамасыз ете алады».

МИРПАЛ конференциясы, басқамен қатар, күнделікті өмірден алынған жеке мысалдарды қарастыруымен де ерекшеленді: осы жылы конференцияны қабылдаушы Санкт-Петербург мигранттардың бірігуіне байланысты жұмысқа деген тиісті тәсілдемесі үлгі ретінде ерекшеленді. Әлеуметтік саясат және халықты жұмыспен қамту жөніндегі қалалық комитеті жақында бекітілген «Мигрант» атаулы бағдарламасын ұсынып, жергілікті өкіметтің көшіп-қону мәселелерін неғұрлым реттелген негізде басқаруына берік екенін айқын көрсетті. Миграция – негізінен дамуға септігін тигізетін күрделі де табиғи процесс, ал осы тұжырым жоғарыда аталған беріктікке негіз болды.

ТМД аймағында еңбек миграциясы жіберуші елдермен қатар қабылдап алушы елдерге де қолайлы деп танылады. Үш жылдан астам уақыт бойы Дүниежүзілік банк Халықаралық көші-қон ұйымы және де «БҰҰ-Әйелдер» Ұлыбританияның халықаралық даму министрлігі бастауымен Орталық Азиядағы көшіп-қонуға арналған аймақтық бағдарламаны (CARMP)

жүзеге асырып келуде. Төрт мемлекет - МИРПАЛ қатысушылары (Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікістан) - қамтылған жоба жалғасын табады; Осы жалғасқан жоба аясында Дүниежүзілік банк жоғары деңгейдегі саяси диалогтар арқылы қатысушы мемлекеттердің хабардарлығын көтеруге, аналитикалық демеу және тұрақты үйлестіру жұмыстарын атқаруға жауапты.

Әрі қарай әрекеттестік пен тілдесуді дамыту мақсатында МИРПАЛ Еуропа мен Орта Азияның басқа мемлекеттерінің көптеген сарапшылары мен практиктерінің назарын аударуда. МИРПАЛдың мүшелері аймақта өтіп жатқан бірігу (интеграциялық) процесстерінің салдарына орай әрекет етеді.